**Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен өзара іс-қимылын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 98-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) өзара іс-қимылын жетілдіру және онда Қазіргі Төраға мәртебесіне қол жеткізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Әлиев Рахат Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі, жетекші

Бабақұмаров Ержан Жалбақұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Рахметуллин Ақан Ақасұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жалпыеуропалық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары, хатшы

Уәйісов Мерей Құрманұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Қайырберлі Қанат Қайырберліұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі халықаралық ынтымақтастық басқармасының бастығы

Калюжный Вячеслав Афанасьевич - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы (келісім бойынша)

Сарбасов Ақмәди Әділұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Құқықтық қамтамасыз ету және ақпараттық-талдау жұмысы департаментінің директоры

Сәрсембаев Марат Алдаңғорұлы - Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы халықаралық

қатынастар бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)

Брагин Александр Геннадьевич - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры

Бәйішев Жолымбет Нұрахметұлы - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының судья-хатшысы (келісім бойынша)

Исабеков Тимур Шамсатұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық құқық, мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау, шарттар және наразылық қуыным жұмысы департаментінің директоры

Мұқаева Мәдина Мұсақызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Халықаралық қатынастар департаменті халықаралық экономикалық ынтымақтастық басқармасының бастығы

Исин Ержан Құрманғалиұлы - Қазақстан Республикасы Ұттық қауіпсіздік комитетінің Қызмет бас басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Вахрамеев Роман Валерьевич - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің халықаралық ынтымақтастық басқармасы бастығының орынбасары

Әубәкіров Амангелді Ниязбайұлы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы Қару-жарақтың қысқартылуын бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету орталығының бастығы

Әбішев Тастемір Дәуітұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2006 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-мен өзара іс-қимылын жетілдіру және ондағы Қазіргі Төраға мәртебесіне қол жеткізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. "Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимылын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 181-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК